



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

2002 жылы 56% дейін төмендеді.

Алайда қазіргі таңда Солшыл және студенттік қозғалыстардың бәсеңдеуінің нәтижесінде Корея Республикасының әлеуметтік – саяси өмірінде елеулі антиамерикандық қозғалыстар жоқ.

Бірақ 2017 жылы елдің басшылығына келген Мун Чжэ Ин , Солтүстік Кореяға қатысты жақындасу саясатын ұстануы, Оңтүстік Кореяны АҚШ алшақтатады. Пханмунджонда соңғы екі жылда бірінші рет болған корейаралық келіссөздер арқасында Солтүстік Корея спортшылары Пхёнчханда өткен 2018 жылғы Олимпиадаға қатысуы - бұл мәселені айқындай түседі .

Жалпы антиамериканизм жайлы айтатын болсақ, АҚШ әлемдік держава рөлін ойнағысы келгенше, бұл көрініс әрқашанда АҚШ бірге жүреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. O'Connor B. A brief history of anti-Americanism: from cultural criticism to terrorism // Australian Journal of American Studies. 2004. P. 78.
2. 2.Ланьков А. Внуки Ленина на берегах Хангана: Корейское левоедвижение//Сеульскийвестник.URL:<http://vestnik.kr/articles/historypage/3337.html>
3. 3.Statusofforcesagreement.URL:<http://www.globalsecurity.org/military/facility/sofa.htm>
4. Statistic on crimes committed by US troops in South Korea. URL: <http://www.iacenter.org/Koreafiles/ktc-civilnetwork.htm>
5. Военнослужащие США убили в Южной Корее двух девушек. URL:http://www.newsru.com/world/13Jun2002/usa_korea.html

УДК 327(4/9)

РЕСЕЙ-ОРТАЛЫҚ АЗИЯ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ

Тлектесова Айгерим Бауыржановна

t-aigerima@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің Аймақтану кафедрасының IVкурс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б.Қ.Қилыбаева

Бүгінгі күні Орталық Азия әлемдік саясаттың көлеңкесінен шығып, ресейлік, американдық, қытайлық, еуропалық сияқты беделді аренада талқыланатын «трендке» айналып бара жатыр деуге болады. Атақты американдық зерттеуші Фрэнсис Фукуяма 2016 жылдың басында Орталық Азия жаһандық экономиканың шеткі аймағы бола бермейтінін, керісінше оның орталығына айналатынын айтты.Орталық Азия кем дегенде үш мемлекеттің ортақ қызығушылықтары бар аймақ екені белгілі. Орталық Азияға ықпал ету үшін Ресей, Қытай, АҚШ арасындағы бәсекелестіктің айқын байқалып отырғаны да, осының негізінде ірілі-ұсақты мүдделер қақтығысының тууы мүмкін екендігі де ақиқат.Осы мақалада біз Ресей Федерациясы мен Орталық Азия аймағының өзара қарым-қатынасын қарастырамыз.Біз осыған қатысты сұрақтар шеңберін анықтап, оларға жауап табуға тырыстық: Біріншіден, экономика саласындағы ынтымақтастық, екіншіден Ресейдің Орталық Азия елдерімен бірге қатысатын интеграциялық үрдістер (ЕурАзЭҚ, ШОС, ҰҚШҰ) мәселесі және үшіншіден, Каспий теңізінің құқықтық-нормалық аспектілеріндегі Ресейдің ұстанымы.

Ресей Федерациясының сыртқы саясатында Орталық Азия негізгі орындардың бірін

алады. Ең алдымен, бұл Ресейдің Орталық Азиядағы оқиғалардың барысына әсерін тигізумен, сондай-ақ, өзінің әсер ету аймағы астында аймақты ұстап тұруға ұмтылумен байланысты. Бірақ, көбінесе, ресейлік тарап соңғы 10 жылда зерттелетін аймақ мемлекеттерінің сыртқы саясатының күн тәртібіндегі маңызды және өзекті екі факторды ескермейді:

1. Қытайдың әсері - әртүрлі шикізат түрлерін жеткізу, сондай-ақ Қытай мен Орталық Азия арасындағы өнеркәсіптік өндіріс бойынша келісім-шарт жасасу;

2. Ауғанстандағы миссиялар мен жобалар үшін НАТО-ның әр түрлі базаларын құру арқылы АҚШ-тың аймақтағы ықпалын кеңейту.

Ресей баспасөзіне назар аударсақ, Ресейдің Орталық Азияға ықпалы, «жұмсақ күш» арқылы ішінара тіл мен мәдениетте, ресми емес іскерлік байланыстар мен қауіпсіздік саласында сақталып тұр, оның саяси және экономикалық ықпалы тоқырауға түсті. Орталық Азияда биліктің ауысуына Мәскеудің тікелей, өз қалауынша ықпал ету мүмкіндігі де шамалы. Ресей Қырғызстандағы жағдайға, өзбек-тәжік шиеленісіне де араласпады және 2006 жылы Түрікменстандағы билік ауысуына ықпал ете алмады [1].

Ресей Орталық Азия мен қарым- қатынасын белсенді түрде дамытып келе жатыр. Ресейдің аймақтағы экономикалық қызығушылықтарына тоқтайтын болсақ, оны бірнеше факторларға бөліп қарастырамыз.

1) Ірі пайдалы қазбалар мен мұнай - газ және уран ресурсының орналасуы

2) Артық жұмыс ресурсы, Ресейге мигранттарды еліктету мақсатында пайдалануы үшін, Орталық Азиядағы жұмыс күштерін Ресейге тауар тасымалдау барысында қолдану.

3) Орталық Азияның ішкі өнімінің потенциалды өсімі сыртқы нарық саудасына шығуға бәсекелі еместігі, Ресей экспортының дамуына үлкен мүмкіндік береді.

4) Орталық Азияның транзитті жолдары Ресей территориясынан Еуропаға шығу мәселесі қызықтырады [1, 156]

Қазақстан - аймақтағы Ресейдің басты және стратегиялық әріптесі болып қала береді. Екі елдің арасындағы тауар айналымы 30 миллиард АҚШ долларына жетті. Екі ел түрлі құрылымдардың және интеграциялық бірлестіктердің жұмысына белсене қатысады.

Қазақстан мен Ресей әлемдегі ең ұзын жер шекарасына ие, яғни, екі мемлекеттің арасындағы субъектілердің өзара қарым-қатынасы - елдер арасындағы қарым-қатынасты дамытудың ортақ ұмтылысы. Белгілі зерттеуші Лаумилин Қазақстандағы Ресейдің мүдделерінің бірнеше аспектілерін анықтады:

1. Қазақстанмен толыққанды кедендік, валюталық одақтар құру;

2. Астанамен бірге азық-түлік картелін жасау (бірінші кезекте астық өндірісінде);

3. Бірлескен энергетикалық пул құру;

4. Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынастардың мониторингі [2].

Ресей Қазақстанды Орталық Азиядағы негізгі экономикалық күш деп санайды. Бұған қоса, Қазақстан мен Қытай қатысатын жобаларға Ресей қатысуы өте маңызды. Мұндай жобалардың бірі - «Батыс Еуропа - Батыс Қытай».

Егер Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынастар сенім деңгейінде қалыптасса, Өзбекстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынастар өте күрделі. Бұған себеп - Ислам Каримовтың президенттік жылдары (1991 - 2016 жж.) бастаған Өзбекстанның саясаты. Ислам Каримов Ресейге қатысты қауіпті көрді: «Ресей ұсынатын немесе ұсынған жобалар жаңа империялық амбициялармен» сипатталады деп санайды [3]. Өзбекстанның саясаты соңғы жылдары әлемнің жетекші елдерінің арасында «мүдделерді маневрлеуге» бағытталған, олардың мақсаттары мен міндеттерін алға жылжыту және оларға қол жеткізу. Өзбекстан мен Ресей арасындағы қатынастардың өзгеруі Өзбекстанның екінші президенті Шавкат Мирзеевтің есімімен байланысты. 2017 жылы сәуір айында ол Ресей Федерациясына ресми сапармен барып, жаңа, жоғары деңгейде диалог жүргізуге ниет білдірді. Сапар барысында Өзбекстан мен Ресей 16 млрд. АҚШ доллары көлемінде 55 келісімге қол қойды. Өзбекстан көшбасшысының басты міндеті - екі ел арасындағы тауар айналымын 5 миллиард долларға жеткізу. Екі жақты келіссөздер барысында Ауғанстан тақырыбы да қозғалды, біз бұны оң

үрдіс деп есептейміз және екі ел қауіпсіздіктің күрделі міндеттерін толықтай шеше алады деп ойлаймыз. Бұл тұрғыда өте маңыздысы, Өзбекстанның жаңа басшысы Өзбекстанды Орталық Азия аймағында көшбасшы болдыруына ұмтылуы және Шавкат Мирзеев Ресей Федерациясынан келген барлық қолдауды өте маңызды және қажет деп есептейді.

Ресей үшін - Тәжікстан геосаяси тұрғыда үлкен қызығушылық тудырады. Тәжікстан аумағында ірі әскери базалар бар, олардың біреуі «Окно», Ресейде ғана емес, бүкіл ТМД аумағында әуе қорғаныс жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Ресейдің бұл аймақтағы басты мақсаты қауіпсіздіктің сақталуы болып табылады. Осы мақсатта ҰҚШҰ және ШЫҰ ұйымдарына қолдау көрсетіп, қауіпсіздіктің сақталуын басты назарда ұстап отыр. Соңғы 20 жылда Ресейдің бұл аймақтағы позициясы айқындалды. Бірақ қазіргі уақытта эксперттердің айтуынша, Ресей осы аймақтағы ықпалын арттыруға жұмыс жасап жатыр. Өйткені интеграционды жаңа жобаларды бұрынғы посткеңестік құрамдас мемлекеттерге ұсынуынан айқындауға да болады. Осы бағыттағы жұмыстар экономикалық, әскери – саяси жағынан Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастық жөнінде келісімшарттарға қол қойылуда. Ресей Федерациясына Орталық Азиядан интеграция үрдісіне белсенді түрде Қазақстан ғана қатысуда. Басқа Орталық Азия мемлекеттері интеграциялық үрдістерден қашып отырған жоқ, бірақ бұл үрдісті тез болуына асығыстық білдіріп жатқанда жоқ. Ал Ресейдің алдағы жылдағы мақсаты Орталық Азия елдерін интеграционды ұйымдарға біріктіру болып табылмақ. Бұл ұйымдар Орталық Азияның жаңа қадамдарын бақылап отыруға, қауіпсіздігін сақтауға мүмкіндік тудырды [4, 75 б.].

Тәуелсіздіктің таңында Ресей Федерациясы мен Қырғызстан бірдей деңгейде диалог құрды, сонымен қатар ШЫҰ, ҰҚШҰ сияқты интеграциялық жобаларға жемісті түрде қатысады. Бүгінгі күні Еуразиялық экономикалық ынтымақтастық шеңберінде интеграциялық ынтымақтастық үдерісі жалғасуда. Шын мәнінде, Ресей Федерациясы ресми Бішкек қаласының жетекші сауда-экономикалық серіктесі болып табылады. ынтымақтастық кең ауқымды мәселелерді қамтиды: әскери-техникалық мәселелер, гуманитарлық мәселелер, мәдениет және білім, Қырғызстан аумағында жаңа ГЭС құрылысы және т.б. Қырғызстан гидроэлектростанция құрылысында Ресей Федерациясының қаржыландырылуы өте қажет. Бүгінгі күні Камбарата ГЭС-1 құрылысының жобасы жеткілікті қаржыландырудың болмауына байланысты іске асырылмай қалды, ал «Қамбар ГЭС-2» пайдалануға берілді.

2017 жылы Қырғызстанның бұрынғы президенті Атамбаевтың Мәскеуге сапары барысында Ресей мен Қырғызстан арасындағы Альянсты нығайту және стратегиялық әріптестік туралы декларацияға қол қойылды.

Қырғызстаннан Ресейге «киім, шикізат, көкөністер, жемістер, электротехника» саудасы басым. Қарама-қарсы бағытта ағаш өнімдері, химиялық өнімдер, азық-түлік өнімдері бар. Біздің ойымызша, Қырғызстан ресейлік тауарлардың негізгі нарығына айналады. [5]

Қырғызстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынасты сипаттайтын болсақ, Қырғызстан экономикалық жоспар бойынша біртіндеп Ресейге тәуелді болатынын айта кету керек. Тәуелділік Қырғызстанға несие беру жиілігі, жаңа ГЭС құрылысы және Қырғызстаннан Ресейге еңбек көші-қоны процесі арқылы көрінеді. Өзінің сыртқы саясатта Қырғызстан Ресей Федерациясына, сондай-ақ Қытайға көбірек көңіл бөледі.

Дәл сол сияқты, Қырғызстандағыдай, Тәжікстанда да Ресей саясаты құрылуда. Ресейдің бұл жерде әскери базалары бар және жаңа салынып жатқан ГЭСтерді инвестициялауға Ресей мүдделі.

2017 жылдың 2 қазанында Ресей президенті Владимир Путиннің Түрікменстанға сапары ұзаққа созылған алғашқы кездесу болды, оның барысында Стратегиялық әріптестік туралы шартқа қолқойылды. Көріп отырғанымыздай, Түрікменстан Орталық Азиядағы Ресейдің стратегиялық серіктесі бола бастайды және бұл келісім екі жақты байланыстар мен қатынастарды жақсарту үшін көптеген мүмкіндіктер ашады.

Қазіргі кезеңде Ресейді аймақтағы мұнай – газ қорлары, Каспий өңірі қызықтырды. Бұл аймақ тек Ресей Федерациясын ғана емес, Каспий өңіріне АҚШ пен Иран арасында да

бәсекелестік артты. Энергетика бақылау басқармасының ақпаратына сүйенер болсақ, Каспий аймағындағы мұнай қорлары 17-33 млрд баррелге дейін жетеді, бұл шама ОПЕК елдеріне кіретін Катар мемлекетіндегі мұнай қорына тең екендігін көре аламыз. Орталық Азия мемлекеттері тәуелсіздік алғаннан кейін, Түркия мен Иран өзінің стратегиялық бағыттарын алға қойып, Ресей орнын басқысы келді.

Біздің ойымызша, егер Каспий теңізінің мәртебесі шешілетін болса және анықталса, онда Орталық Азия мен Кавказдың бүкіл аймағын дамыту белсенді әрі серпінді болады. Қазақстан, Ресей Федерациясы және Әзірбайжан сияқты үш елдің ұстанымдары бірдей: яғни, ортақ желілердегі ұлттық секторларға теңізді экономикалық аймақтарға бөлуді ұсынуда, Түркіменстан да сол пікірде.

1998 жылы 6 шілдеде Қазақстан мен Ресей Федерациясы «Үш қарама-қайшы ірі мұнай кеніштерінің теңдік негізінде дамуы туралы» келісім жасасты. Бұрын, 1997 жылы Нұрсұлтан Назарбаев пен Гейдар Алиев Каспий мәртебесі бойынша позициялардың бірлігін толығымен үйлестірді. 2013 жылы Ресей Федерациясының Мемлекеттік Думасы «Каспий түбінің іргелес учаскелерін делимитациялау туралы Әзербайжан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы келісімді» ратификациялады. Шындығында, бұл құжат Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы келісімдер, сондай-ақ Ресей Федерациясы мен Қазақстан арасындағы келісім, болашақта Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі шешілуінің фундаменті болатынына сенеміз.

Орта Азия мен Ресей арасындағы жалпы қарым-қатынастарды қорытындылай келе, екі аймақ бір-бірінің кілті болып табылады деп айтуға болады. Өткен кезеңдегі бірлескен тарихи байланыстар қазіргі кезеңде өте маңызды. Орта Азия мемлекеттерінің ішінде Ресейдің сыртқы саясатында Қазақстан басты орын алады. Бұл аймақтың экономикалық көшбасшысы болып саналады және атап айтқанда Қазақстан Ресеймен ортақ шекараның болуы және Қазақстан Ресеймен өңірдің барлық елдерінің арасында ірі тауар айналымының бар болуы екі мемлекеттің қарым-қатынасында үлкен серпің береді. Ресей мен Түрікменстан, Тәжікстан және Қырғызстан арасындағы қатынастар әр түрлі жолдармен дамып келеді. Бірақ олар үшін Ресей стратегиялық әріптес болып табылады. Өзбекстан билігімен жаңа диалог Шавкат Мирзиеваның келуінен кейін ғана мүмкін болды, ал Өзбекстан тек Ресейге ғана емес, халықаралық құқықтың басқа да субъектілеріне қатысты ашық мемлекетке айнала бастады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Интересы России в Центральной Азии: содержание, перспективы, ограничители» 2013 №10, Российский совет по международным делам
2. .Лаумилин М.Т. Интересы России и Казахстана в Центральной Азии. - // Актуальные вопросы казахстанско-российского сотрудничества на современном этапе. – Алматы: КИСИ, 2010, - 95 – 103 с.
3. .Парамонов В., Строков А., Столповский О. Внешняя политика России в Центральной Азии: взгляд из Узбекистана. - // Центральная Азия и Кавказ. – 2009. №3. 123 – 135 с.
4. Олкотт Марта Брилл «Второй шанс Центральной Азии» Московский Центр Карнеги Фонд Карнегиз Международный Мир Москва Вашингтон 2005год
5. .Ормонова А.А. Сотрудничество России и Кыргызстана в сфере экономики: история вопроса // Вестник Ленинградского государственного университета им. А.С. Пушкина. – 2014. Т.6. -№1, - 78 с.